

G00023 25.01.2021 жыл

**«МЕНИҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ»
Д д дыбысы мен әрпі**

КУСПАНОВА АЙГУЛЬ СЕМБОВНА

Ақтөбе облысы Қобда ауданы

Сарбұлақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Оқу мақсаттары:

1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру

1.2.1.1. Сөз, сөйлем сызбасын оқу

1.2.4.1. Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы сөздердің мағынасын ажырату

1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.

Сабақтың барысы:

Сабақтың басы:

Шаттық шеңбері:

Кел, жаным тұл сыныптас

Өз алақаныңды маған аш

Міне менің қолым бос

Жылуыма жылу қос!

Бір, екі, үш.

-Балалар, бір-бірімізге қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп, бір-бірімізге лебізімізді білдірейік

Сабақтың ортасы:

«Миға шабуыл» әдісі .

Жұмбақ шешу

Ұрып қалсаң, кері атып.

Оралады өзіне,

Көрсен досың бері атып,

Қайтып барар өзіне. (Доп)

-Балалар, жұмбақтың жауабы да Д д дыбысынан басталып тұр, олай болса біздің бүгінгі танысатын дыбысымыз

- Д дыбысы мен әрпі. Олай болса Д-д-д –д деп айтайық. Д дыбысы дауыссыз дыбыс ол сөздің басында ортасында аяғында кездеседі.

1-тапсырма «Ойлан тап» әдісі .

« Достық » сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Достар туралы бейнефильм көреді.



ҚБ «Ананың аялы алақаны»

Дескриптор:

-Сөздерге дыбыстық талдау жасайды, дауысты дауыссыз дыбыстарды ажыратады

2-тапсырма «Артығын тап» әдісі .

-Суреттердің ішінен Д дыбысынан басталатын сөздерді табады.



ҚБ «Алтындарым сол»

Дескриптор:

- Суреттердегі заттардың атауын атайды;

- Д дыбысынан басталатын сөздерді ажыратады, буынға бөледі
Тыңдалым.

3-тапсырма «Өзіңді таныстыр» зерттеу әдісі

(Әр оқушыға таратып беремін) Екі деңгейлі тапсырма беріледі. Бұл әдіс оқушылардың Тіл және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, өз ойын еркін жеткізіп айтуға жетелейді. а) Өз отбасылары және достары туралы әңгімелейді.

б) Ағам, қарындасым, інім, досым сөздеріне дыбыстық талдау жасайды.

-Өте жақсы балалар, өз отбасымызда қанша адам бар екенін білдік.

ҚБ «Анамның аялы алақаны» (өте жақсы деп еркелетіп бастарынан сипау)

Дескриптор:

-Өз отбасылары және достары туралы әңгімелейді:

-Оқулықтағы суретті сюжет бойынша әңгімелейді.

4-тапсырма «Сәйкесін тап» әдісі . (Т)

-Енді балалар Әли мен Мерей тобы болып жұмыс істейміз

-Берілген сөздерді оқып, сөздерді суреттермен сәйкестендіреді.

Д дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында келу жолдарын анықтап, дәлелдейді.



Велосипед



Дала



Бидай

ҚБ «От шашу»

Дескриптор:

-Берілген сөздерді оқиды, суреттермен сәйкестендіреді.

Сөздегі Д дыбысының орнын анықтайды.

«Бес саусақ» әдісі.

Бас бармағым атам - үйдің данасы

Балан үйрек әжем - ошақ анасы

Ортан терек әкем - отау панасы

Шылдыр шүмек шешем - шаңырақ ажары

Кішкентай бөбек мен - бәрінің базары

Сергіту сәті

Фонетикалық жаттығулары

Хормен қайталау

А-а-а-т-а Ә-ә-ж-е-е Ә-ә-к-е-е А-а-а-н-а-а Б-а-а-л-а-а

5-тапсырма «Зейініңді сал» әдісі. (Ж)

Қарамен берілген сөздерді оқып, қарама-қарсы сөздерді ,мәндес сөздерді табады.

Тыңдалым.

Ең үлкен **ата,**

Атын **ата**

Ата-қарт

Үлкен-кіші

ҚБ « Бақытты болыңдар, өте жақсы »

Дескриптор:

- Қарама –қарсы,мәндес сөзді табады алады

6-тапсырма « Құпия сөз» әдісі .

Жасырынған әріпті тауып, буындарды қосып тақтаға жазады. Бұл әдіс оқушыларды алған білімін қолдануға баулиды.

ҚБ « Мақтаныштарым менің тамаша! »

Дескриптор:

-Жасырынған әріпті анықтап, буындарды қосып жазады.

(Ж)-Ауада жазу

« Мен әдемі жазамын » бастырып жазу әдісі .

Әріп элементтерін бір –бірімен байланыстырып жазады.

ҚБ : « Керемет »

Дескриптор:

-Бас әріптер мен кіші әріптерді бір –бірімен дұрыс байланыстырып жазады.

БӘ: бастырып жазу. Үлгіге қарап жазу .

«Кім зерек» әдісі

Өлеңді мұқият тыңдап,жасырын сөздерді табады.

Маған да, саған да,

Жақын туыс екі адам.

Үш әріптен тұратын,

Оңға оқы, солға оқы.

Өзгермейді еш одан,

Бәріне де ең жақын

Айтады,қане ,кім атын?

Жауабы: **ана-ата**

ҚБ: «Күлімдеген күн бейнесі»

Дескриптор:

-Отбасы және достар атауларды білдіретін сөздерді дұрыс айтады.


-Өзгерген дыбыстарды анықтайды және атайды.

Сабақтың соңы:

-Сабақ барысында қандай қызықтарды кездестірдің?

-Балалар бүгінгі сабақта бәріміз белсенді қатыстық енді сабақты жақсы түсінгенімізді мына үйлер арқылы бағалап кетейік.

- Енді балалар мен сіздерге отбасымыз аман болсын достығымыз берік болсын деп **киіз үйді сыйға тартамын**



G00024 25.01.2021 жыл

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

БАТЫРГАЛИЕВА ШЫНАР ХАЛЕЛОВНА

*Нұр-Сұлтан қаласы № 14 мектеп-гимназиясы.
Директордың бастауыш сынып оқу ісі меңгерушісі*

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды.

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады.

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарады.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену.

Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет.

Ол үшін:

- Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.
- Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.
- Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.

- Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.
- Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.
- Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.
- Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.
- Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.
- Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.
- Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлдерде ескертіп өту қажет.
- Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.
- Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.
- 4. Топтық сананы құру амалдары:
- 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.
- Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:
 1. мақсатқа сенімділік;
 2. мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
 3. жетекшіліктің оңтайлы стилі;
 4. басқаруға қатысу. Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?” Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- 5. Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:

6. Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.

7. Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.

- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.

Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі. Олардың бастамашылдығын, дербестігін қолдау, баланың мектепке келуіне байланысты бірлесіп, серіктесіп жұмыс істеу, басқалармен тығыз қарым – қатынаста болу дағдысын қалыптастыру, өзіндік таңдауға үйрету қажет.

G00025 25.01.2021 жыл

МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІ

ТУРСУНОВА ШЕКЕРГУЛ САГДУЛЛАЕВНА

*Шымкент қаласы № 133 Жалпы орта білім
беретін мектептің МАД тобы тәрбиешісі*

Сабақтың мақсаты: оқушылардың математикалық қабілеттерін, жылдамдық, ойшылдық, сауаттылық қасиеттерін өмірде қолдана білуді үйретеді.

Көрнекілігі: 0-ден 10-ға дейін кеспе цифрлары. Мақта қыз бен мысық ертегісінің суреттері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Психологиялық дайындық.

Бір-біріміздің қолымыздан ұстап алақан жылуы арқылы бір-бірімізге жылы лебіз айтайық, жақсы тілек тілейік.

3. Негізгі бөлім.

- Балалар, бүгін біз ертегілер әлеміне саяхатқа шығамыз.

1. Кіріспе әңгіме.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісін әңгімелейді.

Мысық қатықты төгеді, Мақта қыз құйрығын кесіп алады.

Мысық: Апа, құйрығымды берші?- деп жалынады.

Қыз: Сен берілген тапсырмаларды орындасаң мен сенің құйрығыңды қайтарып беремін, - дейді.

1. Сиырдың тапсырмасы:

1-ден 10-ға дейін өсу ретімен және кері санау.

2. Ағаштың тапсырмасы: «Логикалық есептер»

а) Табақта үш алма,

Қолымда екі алма,

Біреуін әжеме беремін,

Біреуін атама беремін,

Екеуін беремін анама,

Әкеме нешеуі қалады? (2)

Ә) Ағаштың басында,

10 жапырақ тұр еді.

Жел тұрды да үзіліп,

Ұшып кетті біреуі.

Ізінше оның жұлынып,

Түсті тағы екеуі.

Тұр әлі де ілініп,

Жапырақтың нешеуі? (7)

3. Қыздардың тапсырмасы: Ойын: «Төртінші артық»

Балаларға суреттер көрсетіледі. Онда төрт сурет бейнеленген. Олар артық суретті тауып, неге артық екенін айтып түсіндіру керек.

Сергіту сәті.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ,

Беске бесті қосайық,

Алақанды соғайық.

4. Дүкеншінің тапсырмасы: «Мысалдарды шығар»

$5+1=$ $4+1=$ $9+1=$ $6-2=$ $8-3=$ $5-1=$

5. Тауықтың тапсырмасы: Дидактикалық ойын: «Көршісін тап»

Балаларға карточкалар таратылып беріледі. Онда сандар қатары беріледі.

Кейбір сандары жазылмаған. Балалар жоқ сандарды жазу керек.

6. Тышқанның тапсырмасы: Дамытушы ойын: «Артақ пішінді тап»

Төрт пішіннің ішінен қалғанына ұқсамайтын артығын тауып, неге артық екенін айтқызу.

Мақта қыз мысыққа ризашылығын білдіріп, мысықтың құйрығын қайтарып береді.

Қорытынды.

Педагог :

- Балалар сендерге мысыққа көмектескен ұнады ма?

G00028 25.01.2021 жыл

БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

АРГЫНБАЕВА АЛИЯ ТАЛГАТОВНА

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сарапхана елді мекені ЖШС
"Зат" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады.

Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі.

Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп, қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті.

Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз.

Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына.

Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

G00029 25.01.2021 жыл













Тақырыбы: «ҚОСПАЛАРДЫ БӨЛУ ӘДІСТЕРІ»

ҚУАТОВА АЙДАНА БЕРДІХАНҚЫЗЫ

Маңғыстау облысы Мұнайды ауданы Атамекен селосы
«SMART ILIM» мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 7.1А Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Қуатова А.Б..
Сынып: 7	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы: Қоспаларды бөлу әдістері. №2 зертханалық тәжірибе: «Ластанған ас тұзын тазарту»	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	7.4.1.5- қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін білу 7.4.1.6- қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: қоспа мен қосылысты ажырату, қоспаның түрлерін білу, бөлу әдістерін ажырату Көптеген оқушылар: қоспаларды бөлу әдістерін жоспарлау, ТҚ ережесін білу Кейбір оқушылар: жасалған эксперимент негізінде қорытынды жасау
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> ❖ Қоспаның түрлерін біледі ❖ Табиғатта кездесетін қоспаның түрлерін танып біледі ❖ Қоспаларды бөлу әдістерін ажыратып үйренеді ❖ Тәжірибені дұрыс жоспарлай алады ❖ Жабдықты дұрыс , қауіпсіз іріктей және қолдана алады ❖ Алған білімдерін өмірде қолдана алады, алған мәліметтерді жинақтап, салыстырады

Тілдік мақсаттар	Пәндік лексика және терминология: қоспа, біртекті, әртекті қоспа, қоспаларды ажырату, қыздыру, сүзу, еріту, буландыру Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Қоспалар қосылыстардан қалай ажыратылады? Қоспаның ішіндегі заттарды қалай бөліп алуға болады?	
Құндылықтарға баулу	Сын тұрғысынан ойлау, ынтымақтастық құндылықтары	
Пәнаралық байланыс	Биология, физика, география	
Алдыңғы білім	Жаратылыстану пәнінен: таза зат, қоспа, күрделі зат	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин 2мин	Ұйымдастыру. Жағымды психологиялық ахуал туғызу (бір-біріне жақсы тілектер айту)	
Сабақтың ортасы 5мин	«Миға шабуыл» Сұрақ: Күнделікті өмірде көріп жүрген табиғи қоспаларды атаңдар. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі 1-тапсырма. Жұппен жұмыс: Партаға химиялық стақанға қоспалар салынып беріледі. (ТҚ ережесін сақтаймыз, заттың дәмін татып көруге болмайды)	
7 мин	– күкірт пен темір қоспасы – тұз бен су қоспасы Дескриптор ❖ қоспаның түрін анықтайды	

<p>5мин</p>	<p>❖ қоспаның ішіндегі заттарды қалай бөліп алу жолын ұсынады ҚБ. Өзара бағалау «Кім жылдам?» әдісі 2-тапсырма. Жеке жұмыс Қоспалардың түрлерін атап, жіктеп, кестені толтырыңыз. қоспа</p>	<p>http://bilimland.kz/ru/content/lesson/11155-chistye-veshestva-i-smesi</p>				
<p>20 мин</p>	<p>Дескриптор 1. қоспаларды жіктеп , ажыратады 2. кестеге қоспалар түрлерін жазып, кестені толтырады ҚБ. Дәптерлерін алмастырады, өзара бағалайды. « Ойлар ағыны » әдісі 3-тапсырма. Жеке жұмыс Суретте қоспаларды бөлу әдістері бейнеленген, осы әдістерді қоспалардың қандай түрлеріне қолдануға болатынын көрсетіңіз</p>					
<p>Сабақтың соңы Рефлексия 3 мин</p>	<table border="1" data-bbox="496 1216 1129 1809"> <tr> <td data-bbox="496 1216 655 1809">  <p>A</p> </td> <td data-bbox="655 1216 815 1809">  <p>B</p> </td> <td data-bbox="815 1216 975 1809">  <p>C</p> </td> <td data-bbox="975 1216 1129 1809">  <p>D</p> </td> </tr> </table> <p>Дескриптор -суреттен қоспаны бөлу әдістерін атайды</p>	 <p>A</p>	 <p>B</p>	 <p>C</p>	 <p>D</p>	<p>http://bilimland.kz/ru/content/lesson/11016-metody-razdeleniya-smesei</p>
 <p>A</p>	 <p>B</p>	 <p>C</p>	 <p>D</p>			

	<p>ҚБ. Өзара бағалау «Зерттеу» әдісі 2-тапсырма. Жұптық жұмыс Зертханалық тәжірибе «Ластанған ас тұзын тазарту»</p> <p>Сіздерге өзен құмы араласқан ластанған ас тұзы берілген. Оны тазарту үшін:</p> <p>а) суда ерітіңіз б) сүзгіден өткізіңіз в) ерітіндіні буландырыңыз</p> <p>Қоспаларды бөлуге қатысты эксперименттің жоспарын жасап, кестеге бөлу жолы туралы қорытынды жазыңыз</p> <table border="1" data-bbox="497 913 1129 1335"> <thead> <tr> <th data-bbox="497 913 667 1115">Қоспаның құрамы</th> <th data-bbox="667 913 801 1115">Қоспаның түрі</th> <th data-bbox="801 913 928 1115">Қоспаны бөлу әдісі</th> <th data-bbox="928 913 1129 1115">Бөлу әдісі неге негізделген?</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="497 1115 667 1189"></td> <td data-bbox="667 1115 801 1189"></td> <td data-bbox="801 1115 928 1189"></td> <td data-bbox="928 1115 1129 1189"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="497 1189 667 1263"></td> <td data-bbox="667 1189 801 1263"></td> <td data-bbox="801 1189 928 1263"></td> <td data-bbox="928 1189 1129 1263"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="497 1263 667 1335"></td> <td data-bbox="667 1263 801 1335"></td> <td data-bbox="801 1263 928 1335"></td> <td data-bbox="928 1263 1129 1335"></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор</p> <ul style="list-style-type: none"> - берілген қоспаны бөлу жолын анықтайды - қоспаны бөлудің алгоритмін жасайды - қоспаны бөлу жолдары туралы қорытындыны кестеге толық жазады - бөлу әдісінің не үшін қажет екенін көрсетеді <p>Дәптерлерін алмастырады, смайликтер беру арқылы өзара бағалайды «Сәттілік баспалдағы»</p>	Қоспаның құрамы	Қоспаның түрі	Қоспаны бөлу әдісі	Бөлу әдісі неге негізделген?													
Қоспаның құрамы	Қоспаның түрі	Қоспаны бөлу әдісі	Бөлу әдісі неге негізделген?															

	Үй тапсырмасы: Табиғи қоспаларға мысал келтір, оларды тазарту әдісінің жобасын құрастыр	
<p>Саралау- оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау- оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Сабақтың құрылымындағы белсенді іс-әрекеттер, зертханалық жұмыс орындау барлық балалардың ішкі уәжін оятып, оқу мақсатына жетуге оң ықпал етеді. Жұппен жұмыс барысында терең түсінген оқушылар басқа оқушыларға көмектеседі. Ойлаудың жоғары деңгейі қалыптасқан оқушылар қосымша сұрақтар мен тапсырмаларды орындау кезінде өзгелерді оқытып, оқуды жақсартуға қолдау жасайды, қорытындылар бойынша ой түйіндей алады.</p>	<p>Бағалауда оқушылардың өзіндік пікірлері қалыптасатын жеке, жұптық топтардағы бір-бірінің пікірін ескере отырып, бірлесе орындауда қолданатын қалыптастырушы бағалау тәсілдерін критерий бойынша өзін-өзі бағалау әдістерін қолданамын</p>	<p>Химия кабинетінде қауіпсіздік ережелерін сақтайды</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақта уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p>Бұл бөлімде сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

G00038 26.01.2021жыл

Тақырыбы: «МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК»

КАРАШУЛАКОВА МЕЙРАМГУЛЬ КУЛБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №21 «Айзере» бөбекжайы

Мақсаты: Адамның рухани-адамгершілік, дұрыс әрекет құндылықтары туралы ұғымдарын тереңдету

Міндеттері: қамқорлық, кеңпейілділік түсініктерін кеңейту;
балалар бойындағы мейірімділік сезімдерін, жақсы қасиеттерін дамыту;
жан жылуын сыйлайға, сыйластық қарым -қатынасын тәрбиелеу

Ресурстар: слайд, ұнтаспа, бейнебаян, даналық сөздер, «жүректер».

Іс-әрекет кезіндері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Ұйымдастыру кезеңі: Балалар бүгін «Өзін өзі тану» оқу іс-әрекетінде кездесіп отырмыз. Бүгін ерекше күн, себебі бізге қонақтар келіп отыр. Шаттық шеңбері: Мейірімді жандар айнала, Шеңберге келсін жайлана. Жалықпастан қайта біз, Махаббат сөзін айтамыз. Сүйеміз барлық ананы, Жүрегім оттай жанады. Бақыттымыз осы біз, Қасымызда досымыз.	Балалар қонақтарға назар аударады. Шеңберге тұрып, шаттық шеңберін жасап, сөздерін айтады.

	<p>Бір-бірімізге жылу сыйладық, ал енді орындарымызға отырайық. Жағымды күйге келу: Балалар, қазір ыңғайланып отырып, денелеріңізді түзу ұстандар. Қол мен аяқты айқастырмаймыз. Біз қазір тыныс алуға жаттығу жасаймыз. Біз тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш сезімін қабылдап, демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі жаман қасиеттерді сыртқа шығарамыз. Қәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тік ұстап. Қолдарымызды тізеге қоямыз. Дем ал...., шығар (9-10 рет қайталайды)</p>	<p>Бір-біріне жылу сезімдерін сыйлайды. Балалар көздерін жұмып, жағымды күйге енеді. Дем алып шығарады.</p>
<p>Іздену-ұйымдастырушы</p>	<p>Біз бүгінгі оқу іс-әрекетімізде адамның жақсы қасиеттерінің бірі мейірімділік туралы әңгімелесеміз. Балалар мейірімділік әр адамның жүрегінде өмір сүреді. Мейірімділікті адамның көзінен көруге, іс-қимылынан табуға болады. Мейірімділік жүректе орналасады, ал мейірімді адамды барлығы жақсы көреді. -Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? Өздеріңе мейірімділік көрсеткен кезде қандай сезімге бөлендіңдер? Дәйек сөз: Бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің дәйек сөзі: «Жақсылық еткен- алғыс алады» Мәтінмен жұмыс: «Сары тауық пен балапандары» М. Төрежанов 1. Әңгіме не туралы? 2. Сары тауық пен балапандар қайда қалды?</p>	<p>Тәрбиешіні тыңдап отырады. Балалар сұрақтарға жауап береді: -Адамдар бір-біріне жылы сезімдерін білдіріп, айналасындағыларға тек жақсылық ойлап, игілікті істер жасау арқылы ғана мейірімділікті таныта алады. Мәтінді мұқият тыңдайды.</p>

	<p>3.Балапандар неге таласты? 1.Сары тауық өз балапандарын қандай жақсы қасиеттерге баулыды? 2.Сары тауық өз аналық мейірімін қалай көрсете білді? 3.Ал сендер мейірімділікті, қайырымдылықты кімдерден үйреніп жүрсіңдер? Сергіту сәті: «Шөп шөп шөжелерім» әуенімен балалар балапандар биін билеп береді Әңгімелеу: Ал енді балалар, менің Сіздерге сыйлығым бар, қәне назарымызды экранға аударайық «Адамдардың мейірімділігі» (видео) • Жас бала құлап қалғанда өтіп бара жатқан адам не істеді? 2. Адамдар немен айналысып жүр? 3. Бұл видеода сендер не байқадыңдар? 1. Видеода қандай адамдар болды? 2.Олар бір-біріне қандай іс-әрекет жасап жүрді? 3. Ал біз осылай жасаймыз ба? Шығармашылық жұмыс: балалар қазір біздер сіздермен отырып, бәріміз тапсырма орындаймыз. Алдарыңызда жүрекшелер жатыр, сол жүрекшелерге көңіл күй сыйлауымыз қажет. Сендердің ойларыңызша мейірімді жүрек қандай болады? Соны бейнелейік. Жүрекшелерге көңіл-күй сыйлайды.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәтін жасайды. Балалар назарына видео ұсынылады. Балалар сұрақтарға жауап береді. Шығармашылық жұмыстарды орындайды. Жүрекшелерге көңіл-күй түрлерін бейнелеп, қонақтарға сыйлайды.</p>
<p>Рефлексивті түзетушілік</p>	<p>Ән айту:Балалар біз де мейірімділік туралы ән білеміз, соны айтайықш. «Мейірімділік жолымен». Соңғы тыныштық сәті:</p>	<p>Балалар ән айтады.</p>

	<p>Біңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тіземізге қойып отырайық. Көздерімізді жұмайық. Күн нұры сіздердің төбелеріңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Бұл күн сәулелері. Сіздің бойларыңызға жақсылық пен қуаныш сезімін таратады. Барлық жақсы сезімдеріңізді жүрегіңізге жиналды. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз. Жәймен көзіңізді ашыңыздар.</p> <p>М: Ал енді, қонақтармен қоштасып, тобымызға оралайық. Сау болыңыздар!</p>	<p>Тыныштық сәтін өткізеді.</p> <p>Қонақтармен қоштасып, топқа қайтады.</p>
--	---	---

Күтетін нәтиже:

Нені білді: Мейірімділік, дұрыс әрекет, адамгершілік қасиеттерінің әрбір адамнан табылатын білді.

Қандай түсініктерді игерді: Қамқорлық, кеңпейілділік түсініктерін игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Бір-біріне, жақындарға деген жан жылуы мен сыйластық қарым-қатынасын сыйлауға болатынын меңгерді.

G00045 27.01.2021 жыл

ЖАҢАРЫЛҒАН БІЛІМГЕ - ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

АСИЛБЕКОВА КУЛЗИПА АЛИЕВНА

Жамбыл облысы. Меркі ауданы № 7 А.Тұрғымбаев атындағы ЖББМ.

Мектепалды даярлық сыныптың тәрбиешісі

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Ал, жанаша оқытудың негізгі мақсаты – оқушының белгілі бір пән бойынша терең түсіну қабілетін дамыту және алған білімдерін өмірде кездесетін кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету екендігін білдім.

Бұрын сабақтарымда мен оқушыларға өзім ізденіп дайын білімді ұсынып, сабақты бүге-шүгесіне дейін өзім түсіндіріп берсем, осы бағдарлама аясында оқушылардың ойлауы дамытыны, жаңа білімді түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарымен пікірлесе отырып алатынына көзім жетті. Жанартылған білімнің негізгі идеясын түсіне отырып, оқушылардың ойлау қабілетін қалай дамытатынымды ойластырып, жеті модульді кірістіре отырып химия пәнінен 7-8 сыныптарға арналған сабақтар топтамасын құрдым.

Мақсатым оқушылардың топтасып жұмыс жасауына, өздерін, бірін-бірі бағалауына және сабақты өз беттерінше меңгеруіне мүмкіндік жасау.

Зерттеу бойынша ересектермен интерактивті қарым-қатынас пен сыныптастарымен бірігіп жүргізген жұмыс баланың оқуына және танымдық әсері жоғары екені дәлелденген. Сондықтан да сабақтарымда диалогтік оқытуды тиімді пайдалануға тырыстым. Мен оқушыларымды диалогтік оқуға тарту үшін тиімді сұрақтар қоя білуім керек екенін түсіндім. Сабақтарымды көбіне

«Ойшақыру», «Миға шабуыл» т.б. әдістері арқылы бастаймын, себебі балалар сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын еркін айтып, сабақтың мақсатын ашып отырды.

ЖИГСО әдісі арқылы да жұмыс жасау барысында оқушылардың қызығушылықпен жұмыстанатынын байқадым. 8-класта өткізген «Адам организміндегі химиялық элементтердің биологиялық рөлі.» атты ашық сабақта осы әдісті пайдаландым. Барлық оқушыларымқызығушылықпен жұмыс жасады. Десек те бір оқушының өз ойын еркін жеткізе алмағанын байқадым. Сондықтан да ол оқушыға түрткі сұрақтар қою арқылы өз ойын айтуға ұмтылдырдым.

Психологиялық тренингтер арқылы кейбір оқушылардың бойындағы сенімсіздік пен қорқынышты жойып, класта жайлы атмосфераны қалыптастырдым. Үйреніскеннен кейін оқушылардың шаттық шеңберіне ықыласпен шығатынын байқадым. Үнсіз оқушыларымның өздері ортаға шыққан кезде сөйлеуге тырысып жатқаны мені қуантып тастады.

Топпен жұмыс жасатудың алғы шарты – оқушыларды топтарға бөлу. «ЖИГСО» әдісі арқылы т.б. топқа бөлу әдіс – тәсілдерін меңгеріп, сабақтар кезінде оларды дамыта түстім. Алғашында сабағымда кейбір оқушылар топпен жұмыс жасағысы келмейтіндіктерін айтты, себебі топ құрамы ұнамайды деді. Өзімнің жұмысымның жемісі деп оқушылардың осы әдіске үйренгеннен кейінгі сабақтарымдағы оқушылардың топқа бөлінудегі белсенділігін атап айта аламын.

Заман ағымына сай өзгере отырып, технологиялардың дамыған күрделі техника ғасырында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра білу шебер мұғалімнің ерекшелігі. Қазіргі балаларды таң қалдыру қиын, сондықтан да балалардың химия пәніне деген қызығушылығын арттыру мақсатында, сабағымда түрлі әдістерді шебер қолдана білдім. Сабақтарымда тақырыппен таныстыру үшін өздерін ізденіске түсіруді көздедім. Осы тапсырманы орындаған кезде оқушылардың АКТ – мен жұмыс жасаудағы қызығушылығын байқадым.

Қосымша мәліметтерді ғаламтордан сабақ үстінде алуды, оны пайдаланып түрлі таныстырылымдар дайындауды үйренді және не білгендерін анықтау мақсатында түрлі әдістер арқылы жұмыстар жүргізуді тапсырдым. Барлық тапсырмаларды оқушылар топта, жұпта орындады. Сөйтіп, топта жұмыс жасауды үйренді. Топ мүшелерінің пікірін тыңдауға, құметтеуге, өз ойымен бөлісуге, ортақ шешімге келуге дағдыланды. Бұрынғы сабақтарымда оқушылар топтық жұмысты сайыс деп түсінетін болса, осы әдіспен оқытуда ынтымақтастықта жұмыс жасау керектігін ұғынды. Топпен жұмыс барысында постер құруда, сыныптағы суретті жақсы салатын қабілетті оқушыларды байқадым. А. деген үнсіз оқушымының сурет салудағы қабілетін бұрын – сонды білмейтінмін. Өйткені сабақ үстінде сурет салуды уақыт тапшылығына

байланысты өткізу мүмкін емес , ондай тапсырмаларды үйге беріп жіберетінмін.Топтық жұмыста дарынды және қабілетті оқушылардың да көшбасшылығын байқап отырдым. Себебі бірлесіп жұмыс жасауда, топтағы дарынды оқушы өзге топ мүшелеріне көмек, қолдау көрсете отырып, оның ойын құрметтеп отырды.

«Оқыту мен оқу үшін бағалау» модулінің де теориясың мәнін жете түсініп, тәжірибеде қолданған кезде оның тиімділігін білдім.

Формативті бағалаудың сапалы білім берудегі ролі басым екендігімен келісемін. Өйткені формативті бағалауды күнделікті сабақта қолдана отырып, менімен қатар оқушылар да өз білімдерінің сапасына әсер ете алады.

Сонымен қатар формативті бағалау оқушының сабаққа, оқуға деген ынтасын арттырады, себебі бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану баланың қызығушылығын оятады. Бағалауда оқушылар өз – өздерін, бір – бірін бағалауды, топтық, жұптық бағалау түрлерін меңгереді.

Бір сабағымда мен оқушыларды критерий арқылы бағалатсам, кейбір сабақта топ басшылары бағалады, ал кейбір сабақтарда өз-өздерін бағалады. Кейде критерийді өзім дайындап алып келсем, екінші сабақта өздеріне дайындаттым. Осы кезде мен кедергіге тап болдым . Себебі оқушылардың әлі де болса сөздік қорының аздығы, жүйелі сөйлей алмауы қатты әсер етті.

Сондықтан да осындай кедергілерді болдырмау мақсатында әр сабақтың кезеңдеріне тиімді бағалау түрлерін қолдана отырып, өз беттерінше пікір айтуға , тілек білдіруге дағдыландырдым.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

G00041 27.01.2021 жыл

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

БАҚТЫҒАЛИЕВ ЕЛАМАН БОЛАТҰЛЫ

Ақтөбе облысы, Қандыағаш қаласы № 4 ЖББОМ

Дене шынықтыру мұғалімі

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр.

Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады.

Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:

I. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;

II. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?

Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:

- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалы, дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 6 сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты, сабақта биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындық пен дене шынықтыру пәндерінен құралған ойындар пайдаланылды. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиялық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым.

Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Тәңертеңгілік бой жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ұлттық өнеріміз «Қара жорға» биін жаңғырту үстіндеміз, биді сергіту, тәңертеңгі бой жазу жаттығуларының орнына да пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиялық

проектор арқылы 5«А» сынып оқушылармен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық. Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің патриоты екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты. Сондай-ақ қатарынан үшінші жыл мемлекеттік тілдегі мектептердің 5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып жеңіпаздарды анықтап оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тынымды еңбектер атқару үстіндеміз. Қала көлемінде Наурыз айында ұлттық мерекемізді насихаттау барысында «Төрт түлікке ен салу», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз. Екінші жыл аталып өтіп жатқан облыстық ұлттық ойындар фестиваліне қатысып асық ойынының «Шыр» түрінен топтық есепте жүлделі ІІ орынға ие болып қаламыздың қоржынына ұпай әкелдім.

Бұл ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастырылуы, тұсауы кесілуі ұлтымыз үшін үлкен жетістік деп білемін.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткіздім. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп, әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше. Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.

Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:

- Салт - дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы, ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығы;

Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында:

Алдымен оқушының «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету. Оқушының «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет. Оқушының «Қайда?» деген

сұрағына: Оқушының және ұстаз арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет.

Өзімнің 6-сыныптарға өткізген «Акробатикалық жаттығулар» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;

Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.

Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасаң болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты. Жаңа идеяларды еңгізу барысындағы орындалатын міндеттер:

1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.

4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
 5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын, білімін арттыру.
 6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.
- Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.

Жұмысымның нәтижесі:

- 1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
- 2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
- 3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
- 4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

G00044 27.01.2021 жыл

ОҚЫТУДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

ОМИРЖАНОВА ЖАНСУЛУ САПАРОВНА
СҚО, Есіл ауданы «Ақтас негізгі мектебі» КММ
Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде, оқу процесінде өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің, нарықты экономика кезеңінің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін керек ететіні белгілі.

Қазіргі таңда біздердің, қазақ тілі мұғалімдерінің, мойындарында ауыр жүк жатыр-өскелең ұрпақты жоғарыдағыдай талаптарға сәйкестендіру. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтары балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Демек, мектептегі оқыту үрдісі оқушының танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекеттерін дамытуына жол ашуы қажет.

«Танымдық қызығушылық» жөніндегі ой-пікірлер қазіргі кездегі педагогикалық теориялар мен тәжірибелердің ашқан жаңалығы емес.

Оның негізі философиялық және педагогикалық ілімдерінде жатыр. Мен өз жұмысымда Сократ, Платон, Әл-Фараби еңбектерінен бастау алып, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш. Құдайбердиев, Л.В. Занков, Л.И. Божович т.б. психолог-ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алдым.

Соның негізінде, танымдық қызығушылықты арттыру мақсатында сабақтарды жаңа технологиямен ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Оқытушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны ұйымдастыра білуі, танымдық іс-әрекет түрлерін таңдап, оны жоспарлай білуі, ізденімпаздығын арттыру қазіргі кездегі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Оқытушы қызметінің мәні жас буынның санаткерлік, адамгершілік және дене күштері мен қабілеттерінің үйлесімді дамуының талаптарымен анықталатын білім мазмұны шеңберіндегі шәкірттің оқу-танымдық іс-әрекетін басқару болып табылады.

Оқытушының басқару іс-әрекеті өзінің және оқушының іс-әрекеттерін жоспарлаудан, осы іс-әрекеттерді ұйымдастырудан, оқыту сапасын талдаудан, оқушының жеке тұлғалық дамуын болжаудан т.б. тұрады. Оқытушы өз қызметін шебер ұйымдастыра отырып, оқушының да танымдық іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлап, оны оңтайлы ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін үйретеді.

Менің бірінші сабақтарымнан, оқушыларды бақылауымнан кейбір оқушыларға қазақ тілін үйрену қиын да қызықсыз екенін аңғардым: пәнге деген қызығушылық жоқ екені жиі кешігуден, сабаққа дайын болмағаннан, үй жұмысын орындамағаннан, сабақта белсенділік танытпағандарынан байқалды. Тілге деген қызығушылықтарын, сабақтың тиімділігін дамыту керек болды. Ал оқытылған материалға деген танымдық қызығушылықты арттыру үшін тақырыпты оқытудағы әдіс-тәсілдердің, инновациялық технологиялардың орны ерекше.

Сондықтан мен әрбір сабақтың мақсатын қоюдан бастап тақырыпты түсіндірудің әдіс-тәсілдерін жақсылап ойластырамын.

Сабақты балаларға соғұрлым қызықты етіп беруге тырысамын.

Мәселен, тақырыпты қайтала не бекіту мақсатында «Кірпіш» ойынын пайдаланам. Осы ойында отырған балалар қатысушы 3-4 оқушыға кезек-кезек сұрақтар қояды, ал қатысушылар сол сұрақтарға соғұрлым тез жауап береді де бір кірпіштің өлемінен алға жылжиды. Мәреге бірінші келген оқушы жеңімпаз атанады. Бұл ойынның жағымды жақтары өте көп: оқушылардың барлығы қатысады, ауызекі сөйлеу тілі, ойлау қабілеттері дамиды, білім негіздерін жаңғартады, танымдық қызығушылықтары артады (ойнау).

Сондай-ақ тіл дамыту уақытында әртүрлі әліпбилік жұмбақтар жасыру өте тиімді. Оқушыларды төл дыбыстарды дұрыс айтуға, төл дыбыстары бар сөздерді есте сақтап дұрыс жазуға дағдыландырады.

Мен өзімнің тәжірибемде оқушыларымның танымдық деңгейлерін арттыру мақсатында әртүрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы көп болмаса да, бірақ жетістіктерге жеттім.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі деп осыны айт. Осыған орай менің пән бойынша мәселем де: «Қазақ тілін оқыту барысында инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық деңгейін дамыту» деп аталады.

Оқушының танымдық деңгейін дамытудың үш факторы бар, бұл- мектеп, қоғам, отбасы. Баланың оқушы кезіндегі танымының дамуына, біздің, мектеп өкілдерінің қызметі орасан зор.

Сондықтан сабақ бергенде түбінде оқушыларымыз терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға болып даму үшін оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда мен өз тәжірибемнен жаңашыл мұғалімдерге мынандай негізгі ұстанымдарды атағым келеді.

Сонымен, мұғалім білімді болса, білімге оқытқан уақытта тиімді әдіс-тәсілдерді қолданылса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы.

Солай болған соң, ең әуелі, қазіргі заманға бәсекеге қабілетті білім беретін жаңа мектепке керегі-білімді, жан-жақты, басқаға үлгі болатын жаңашыл ұстаз.

Міне, Елбасымыздың «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деген мақсатты жүзеге асыру үшін ауылға маман болып келген мен өзімді жаңашыл ұстаз деп есептеймін.

МАЗМҰНЫ

- КУСПАНОВА АЙГУЛЬ СЕМБОВНА
- БАТЫРГАЛИЕВА ШЫНАР ХАЛЕЛОВНА
- ТУРСУНОВА ШЕКЕРГУЛ САГДУЛЛАЕВНА
- АРГЫНБАЕВА АЛИЯ ТАЛГАТОВНА
- ҚУАТОВА АЙДАНА БЕРДІХАНҚЫЗЫ
- КАРАШУЛАКОВА МЕЙРАМГУЛЬ КУЛБАЕВНА
- АСИЛБЕКОВА КУЛЗИПА АЛИЕВНА
- БАҚТЫҒАЛИЕВ ЕЛАМАН БОЛАТҰЛЫ
- ОМИРЖАНОВА ЖАНСУЛУ САПАРОВНА